

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2022 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 19.09.2022	Сейсенбі 20.09.2022	Сәрсенбі 21.09.2022	Бейсенбі 22.09.2022	Жұма 23.09.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, интеллектум құралдары, шашка ойындары) Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау. Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұсыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаналықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Бәрін білгім келеді», «Менің сүйікті кітабым», «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Сауат ашу негіздері Сөз және "дыбыс" туралы түсініктерін пысықтау. жазу кезінде арканы дұрыс ұстау және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстау дағдысын қалыптастыру	Музыка маманының жоспары бойынша Сауат ашу негіздері Сөз және "дыбыс" туралы түсініктерін пысықтау. жазу кезінде арканы дұрыс ұстау және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстау дағдысын қалыптастыру	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша
	Топқа ата-аналар қонаққа келеді. Балаларға арналған кітаптарды сыйлайды.	«Кітап неден жасалған?» балалардың өз ойларын айту, тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен	«Менің сүйікті кітабым» Балалармен отбасында оқыған кітаптарын талқылау.	«Кітаптағы кейіпкер» Топқа ертегі кейіпкерлері келеді, балалар сәлемдесіп, қай	«Кітаптар жәрмеңкесі» Апта бойы балалардың жасаған кітаптарынан жәрмеңке ұйымдастырып,

	Балалар кітаптарды қарап шығады, кітаптар не туралы екенін әңгімелейді. (Сөйлеуді дамыту) Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, таклақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балалардың мазмұндауын үйрету. (Көркем әдебиет) Кітаптарды санау, беттестіру арқылы биіктігі бойынша, қалыңдығы бойынша салыстыру. (Математика негіздері)	соңын ойдан шығара білуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту) Табиғи қалдық материалдарымен өздерінің жасаған кітаптарын сәндеу. (Құрастыру) Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдеріне тән белгілерді атай алу және ажырату дағдыларын кітаптардан қарау арқылы үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру)	Негізгі ойын дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту) Балалардың өздеріне кітап оқуға мүмкіндік беру. Кітап суреттеріне қарап, өздері оқып жатқан кейіп танытып, эмоционалды-бейнелік мазмұнын бере білуді үйрету. (Көркем әдебиет)	кейіпкер екенін, қай кітаптан екенін табады. Бірлесіп кейіпкерлер ұсынған ойындарды ойнайды. Кейіпкерлердің кітаптағы сөздерін тауып, жалғасын айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Кейіпкерлерге қарап суреттерін салу, мүсіндерін жасау, оларға естелік ашық хат дайындау. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Бірлесіп көңілді әндер орындау. (музыка)	басқа топтардың балаларын шақырып тамашалату. Кіші топтан келген балаларды кітап жасау шеберханасына шақырып, кітап жасауды үйрету. (Сөйлеуді дамыту) Келген балалардың қалауы бойынша кітапты сәндеу, ермексаз немесе тұзды қамырдан мүсіндеу және түрлі түсті қағаздарды қиып өрнектеп сіндеу жұмыстарын үйрету. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, серуенге алып шығатын кітаптар мен заттарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін толық атай білуді қалыптастыру. Өздерінің жасап жатқан кітаптарына жасын жаза білуін қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «Арқан тарту»	Ұсынылған әр түрлі суреттерге қарап гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру (Сурет салу) Ұсынылған әр түрлі суреттерге қарап гүлдер көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеу (Мүсіндеу)	Табиғи материалдардан ұсақ кітапшалар далаға шығу, қимылды дайындай білуге үйрету. (Құрастыру) Кітаптардан өсімдіктердің жаңа түрлерімен таныстыру: атауы, сыртқы түрі, құрылысы, күтім жасау тәсілдерін үйрету, жасап көру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «Арқан тарту»	Кейіпкерлермен бірге қимылды ойындар ойнау. Дайындаған жұмыстарын сыйға беріп қоштасу. Қимылды ойын «Арқан тарту», «Асық ойыны»	Балалар арасындағы қарым қатынастың қандай болғандығы, қандай сезімдер алғанын бөлісу. Дұрыс қарым қатынас ережелерін құру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеттері, ойындары

		Ұсынылған әр түрлі суреттерге қарап қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету (Жапсыру)			
		Қимылды, еркін ойындар			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жанылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, сонынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қағазды ортасынан бүктеу арқылы өз кітапшасын жасау. (Құрастыру) Жасап жатқан кітаптарын сәндеу (Сурет салу) Кітаптың мүсінін ермексаздан жасау (Мүсіндеу) Жасап жатқан кітаптарына өрнектер, сәндік пішіндер жапсыру (Жапсыру)	Балаларға әр түрлі суреттер ұсынып бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша ертегі кітабын құрастыруын үйрету. (Көркем әдебиет) Заттың кеңістікте орналасуын үйрету. Оң, сол, алға, артқа, жоғары, төмен ұғымдарын дидактикалық ойын карточкаларын ойнату. (Математика негіздері)	Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту. Топтағы кітаптарға қарап, ішіндегі суреттері бойынша әр түрлі жиындар жасау. (Математика негіздері) Сүйікті кітабынан бейнелер салу. (Сурет салу) Сүйікті кітабына қарап заттар мүсіндеу.	Бүгінгі келген қонақтарымыздың айырмашылықтарын атау. Олардың қайсысы үлкен кіші екенін ажырату. Топтан кейіпкерлердің ойыншықтарын алып салыстыру. (Математика негіздері) Барлық ертегі кейіпкерлері сыйатын достық үйін құрастыру материалдарынан құрастыру. (Құрастыру)	Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. (Көркем әдебиет) Апта бойы жасаған іс әрекеттерін санау, салыстыру. (Математика негіздері) Ерекше ұнаған құрылысты қайталап құрастыру. (Құрастыру)

			(Мүсіндеу) Сүйікті кітабындағы заттарды кып, жапсырып жасау. (Жапсыру)		
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Ақсерек көксерек» Кітап жасау шеберханасының жұмысы Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «Бүрге» Кітап жасау шеберханасының жұмысы Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «кетті кетті» Кітап жасау шеберханасының жұмысы Балалардың еркін ойындары	Балалармен ертегі кейіпкерлері мекендейтін жерлер туралы әңгімелесу. Балабақша ауласының қай жерінде олар мекендеуі мүмкін жерлерді табу. (Қоршаған ортамен таныстыру)	Қимылды ойындар «түйілген орамал» Балалардың еркін ойындары
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі іс шара туралы ата аналардың пікірін, ұсыныстарын тыңдау.	Балалардың жасап жатқан кітаптарына көмектесуін сұрау.	Балалармен бірге кітап оқуды ұсыну	Сүйікті ертегі кейіпкерлерінің сөздерін бірге жаттау	Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау.

«Тексерілді»

"№15 Әлия бөбекжайы"

МККК әдіскері: У.Г Нурмухамметова

« 16 » 09 2022 жыл